**«№8 Т.Бегманова ЖББМ»КММ бойынша**
**2024-2025 жылының**
**«Жас Қыран, «Жас Ұлан» ұйымы бойынша атқарған жұмыстарына анықтама**

Келес ауданы білім бөліміне қарасты "№8 Т.Бегманова жалпы білім беретін мектеп" КММ.
1 қыркүйек күні мектеп оқушылары үшін «Мектебім - мейірім мекені» атты салтанатты іс-шарасы болып өтті.
1 қыркүйек керемет мереке және білімнің, жетістіктер мен жаңа бастамалардың, жаңа ізденістердің, жаңа идеялардың символы.
Жаңа оқу жылымен мектеп директоры Амирова Меруерт Нұрмаханқызы құттықтады!
-Жаңа оқу жылы оқушыларымыз үшін табысты жыл болсын! Цифрландыру заманындағы озық білім мен дағды - жастарымыздың жарқын келешегінің кепілі. Бұл күн тек атаулы мереке ғана емес, бұл біздің еліміздің болашағына әсер ететін жауапты тұлға қалыптастыратын кезең.
1 қыркүйек "Білім күні" мектеп табалдырығын аттауға асыққан 1 сынып оқушылары үшін - жаңа өмірге аяқ басқан күн, сондықтан да, ең алдымен осы бүлдіршіндер мен мектеп оқушыларын және мұғалімдерді құттықтады!
https://www.facebook.com/share/p/1BTnvbW83K/






Келес ауданы білім бөліміне қарасты "№8 Т.Бегманова жалпы білім беретін мектеп" КММ.
Сенбілікке мектеп мұғалімдері мен кіші қызметкерлері бір кісідей атсалысып, әрбір бөлінген аумақтарда, көшелерде тазалық жұмыстарын жүргізді.
Негізінде сенбіліктер қоршаған ортаны таза ұстауға, экологиялық мәдениет қалыптастыруға және ауылымыздың санитарлық жағдайын жақсартуға тигізер ықпалы мол.
Бұндай қоғамдық жұмыстарға мектеп мұғалімдері де барынша атсалысып, үрдіске айналған игілікті іске үлес қосып келеді.
https://www.facebook.com/share/p/15GJX4t1SB/



Келес ауданы білім бөліміне қарасты "№8 Т.Бегманова жалпы білім беретін мектеп" КММ.
Ахмет Байтұрсынұлының 152 жылдық мерекесіне орай "Тілім менің ғасырларға аманат" атты тақырыбында тілдер мерекесі болып өтті!
Мерекеде оқушыларымыз ағартушы ғалымның өлеңдері мен еңбек жолын атап өтті, сонымен қатар тілдер мерекесінде төрт тілде өлеңдер мен тақпақтар айтылды!
https://www.facebook.com/share/p/1E14rKdZQe/




«Қыз бала— отбасының шырайы» тақырыбында қыздар кеңесі
Келес ауданы білім бөліміне қарасты "№8 Т.Бегманова жалпы білім беретін мектеп" КММ.
«Қыз бала— отбасының шырайы» тақырыбында қыздар кеңесі болып өтті.
Мақсаты: Халықтық тәлім тәрбие негізінде қазіргі қазақ қыздарының бойында жан сұлулығын қалыптастыру жолдарын көрсете отырып, сыпайылыққа, әсемдікке, өз өздерін ұстай білуге мейірімділікке тәрбиелеу.
Мектеп медбекелері жеке бастың гигенасы туралы түсіндіріп өтті. Психолог апайларымыз оқушыларға тренингтер жүргізді.
https://www.facebook.com/share/p/1BQPKH7SSB/




Келес ауданы білім бөліміне қарасты "№8 Т.Бегманова жалпы білім беретін мектеп" КММ.

Түркістан қаласында өтіп жатқан « Өзбек этносының тілі, мәдениеті және салт-дәстүрі күні» мерекесіне Келес ауданы білім бөліміне қарасты «№8 Т. Бегманова жббм» кмм оқушыларының « Жозиба» әдеби тобы және « Мужиза» би тобы өнер көрсетті.
https://www.facebook.com/share/p/12DbMVSXyQu/

Біртұтас тәрбие бағдарламасы жоспарына сәйкес √8 Т. Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектебінде "Ұстаздар күні" мерекесіне орай өскелең ұрпақтың ұстаздарға

деген құрметі мен сүйіспеншілігін арттыру мақсатында Республикалық "Даналық ұстаздан" челленджін ұйымдастырды. Челленджде мектеп оқушылары "Ұстазым" әнін орындады.
https://www.facebook.com/share/p/15nbWQb38e/

Келес ауданы білім бөліміне қарасты «№8. Т. Бегманова жббм» кмм
Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында таңғы жаттығулар жасалып, оқушылар бойында патриоттық сезім ояту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында Әнұран орындалды. Сонымен қатар, үзілістерде қоңырау орнына ұлттық күй әуендерін қолдану жұмысқары қолға алынды. Алдағы уақыттарда да осы жұмыстар күнделікті орындалады.
https://www.facebook.com/share/p/17ucEoojMe/

«№8 Т.Бегманова атындағы жббм» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде ағымдағы жылдың 7-ші қазанында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жұмыс жоспарына сәйкес «Жол-көлік апаттарының себептері» тақырыбында 5 «В» сынып жетекшісі М.Адиханбаева тәрбие сағат өткізді. Сонымен қатар оқушыларға «Қауіпті челлендер» туралы түсіндіру жұмыстары жүргізді. Оқушыларды сақтыққа шақырды.
https://www.facebook.com/share/p/18Xd2Zsqno/

Келес ауданы «№8. Т. Бегманова жббм» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ұстаздары және кіші қызметкерлер мемлекет басшысының « Таза Қазақстан» экологиялық акциясының аясында, ерікті түрде мектеп ауласында көгалдандыру және санитарлық-тазалық жұмыстарын жүргізді.
Іс-шараның мақсаты-қоғамдық мәдениетті қалыптастыру, акцияға қолдау болып табылады.
https://www.facebook.com/share/p/1EKmd9gxim/

Келес ауданы, Білім бөліміне қарасты №8 Т. Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектебі.

□Өзін-өзі басқару ұйымының президенттік сайлауы болып өтті. Сайлау алдында үміткерлер оқушыларға өз жобаларымен таныстырылды. Жиналыстан кейін оқушылар дауыс беруді бастады.

Жалпы 338 оқушы дауыс берді оның 27
бюллетень жарамсыз деп танылды.

□Сайлау қортындысы:
11 "А" оқушысы Балтабай Нұрдидар - 98 дауыс
10 "А" оқушысы Асабай Байболат - 66 дауыс
10 "В" оқушысы Нормаматова Рухшона - 71 дауыс
9 "А" оқушысы Сейсенбай Аяулым - 76 дауыс
https://www.facebook.com/share/p/12Cr7HBonUj/

"№8 Т. Бегманова жббм" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
25 қазан - Республика күніне орай сағат 12.00 де мектеп мұғалімдері мен оқушылары Мемлекеттік Гимнді орындады.

Мақсаты: Оқушылар арасында Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтарын насихаттау, патриоттық сезімдерін ояту және ұлттық рухты көтеру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу. Отанға деген сүйіспеншілік пен құрметті арттыру арқылы елдің болашағына деген сенімді нығайту.
https://www.facebook.com/share/p/15kW2kwS3p/

№8 Т.Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024 жыл 24 қазан күні «Бірыңғай «Жас Ұлан» және « Жас қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық Қоғамдық Бірлестігінің қатарына мектеп оқушыларын қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиыны болып өтті.

Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына 5 «А», 5 «Б», 5 «В», 5 «Г» және «Жас қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымына 2 «А», 2 «Б», 2 «В», 2 «Г» сынып оқушылары қабылданды.
https://www.facebook.com/share/p/1AXe6E89zF/





N8 Т.Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектебінде «Аралас мектептердегі мемлекеттік тілдің оқытылу сапасын арттыру: мақсат, функционалдық сауаттылық, патриотизм» тақырыбындағы онкүндік аясында 22 қазан күні "Ұлттық фильм" күніне атақты киноактер, режиссер Д.Жолжақсыновтың "ҚҰНАНБАЙ" фильмі оқушыларға көрсетілді.
https://www.facebook.com/share/v/1DzWJhuECa/

"№8 Т. Бегманова жббм" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
25 қазан - Республика күніне орай сағат 12.00 де мектеп мұғалімдері мен оқушылары Мемлекеттік Гимнді орындады.
Мақсаты: Оқушылар арасында Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтарын насихаттау, патриоттық сезімдерін ояту және ұлттық рухты көтеру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу. Отанға деген сүйіспеншілік пен құрметті арттыру арқылы елдің болашағына деген сенімді нығайту.
https://www.facebook.com/share/p/15kW2kwS3p/

Келес ауданы «№8. Т. Бегманова жббм» кмм
,« Біртұтас тәрбие бағдарламасы, қараша айының жұмыс жоспарына сай мектеп тәлімгері Ш. Қилыбаеваның ұйымдастыруымен жоғары сынып оқушыларының арасында « Startup» байқауы болып өтті.
Стартап деген не? Стартап бұл бизнесті дамытудың жаңа әдісі, жолы, тәсілі. Бұл бизнесті дамыту. Технологияларды дамыту.
https://www.facebook.com/share/p/1TnHbUxiNN/

Келес ауданы білім бөлімінің «№8. Т. Бегманова жббм» кмм
Рейхстагқа бірінші Жеңіс туын тіккен қазақ батыры Рахымжан Қошқарбаевтың, Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс Министрі Сағадат Нұрмағанбетовтің және Ұлы Отан соғысының ардагері, ұлағатты ұстаз болған Ерназар Смаиловтардың туғанына 100 жыл толуына арналған «Ұ р п а қ т а р сабақтастығы» тақырыбында К е л е с ауданы әскери жетекшілерінің тәжірибе алмасу семинары өтті. Семинарға Келес және Сарыағаш аудандарының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің уәкілі подполковник Жұмағұлов Ералы, Келес аудандық Білім бөлімінің әдіскері Байжан Тастанов,сол мектепте 45 жыл ұстаздық етіп зейнеткерлікке шығып,қазіргі таңда ауыл мен мектептің жанашыры болып жүрген Абай ауылы, «Аққорған» мөлтекауданының биі Смаилов Жұмағали, сонымен қатар Келес ауданының әскери жетекшілері қатысты.
https://www.facebook.com/share/p/1Dqrx5SSxS/




Келес ауданының білім бөліміне қарасты «№8.Т. Бегманова жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Жаңа жыл» мерекесіне орай жоспар жасалып бекітілген болатын. Сол жоспар аясында 5-7 сынып оқушыларына
"Қош келдің, Жаңа жыл!" атты мерекелік іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында ән айтылып, оқушылар өз өнерлерін ортаға салып, түрлі ойындар ойнатылды.
Аяз ата мен Қаршақыз оқушыларға оқу-тәрбие саласында жетістікке жетуіне тілек білдірді.
Іс-шара жоғары деңгейде өткізілді. Ата-аналар сынып жетекшілермен ұйымдастырушыларға ризашылығын білдірді.
https://www.facebook.com/share/p/14dXqSWnti/




Келес ауданы «№8. Т. Бегманова жббм» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 16 желтоқсан-Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жоспары аясында өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен 9-11 сынып оқушыларының қатысуында,"Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз" тақырыбында кең көлемде сахналық көріністер қойылып, тарихи бейнероликтер көрсетілді.
Мақсаты:
Оқушыларға Қазақстан Республикасының тәуелсіздік тарихы мен маңыздылығын түсіндіру.
Отанға деген сүйіспеншілікті, ұлтжандылықты, патриотизмді қалыптастыру.
Еліміздің тәуелсіздігін мақтаныш ету

.https://www.facebook.com/share/p/15F1fAtpsE/





Келес ауданы білім бөліміне қарасты «№8 Т.Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде ұйымдастырушы педогог Р. Тастемір мен тәлімгер Ш. Қилыбаевалардың ұйымдастыруымен,1-4 сынып оқушылары арасында «Әжемнің ертегісі» атты сурет көрмесі болып өтті.

Мақсаты: Балаларға бейнелеу өнерінің қыр-сырын жан-жақты үйрету.

Сурет салу дағдысын, логикалық ойлау, еске түсіру, елестету қабілеттерін және шағармашылық қиялы мен қабілетін, ойлау қабілетін шыңдау, табиғатқа деген құрметін арттыру, экологиялық мәдениетке тәрбиелеу

https://www.facebook.com/share/p/1H3s64Uzki/





Келес ауданы «№8. Т. Бегманова жббм» кмм

Келес ауданы білім бөлімінің 26.11.2024 жылғы №1330 санды хаты негізінде «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн белсенділік» науқанын өткізу жөндінде жоспары жасалып, өткізілетін іс-шаралар кестесі түзілген. Бүгін,29.11 күні мектеп инспекторы Э. Есенкулова, мейірбикелер А. Султанова мен Р. Абдиева,тәлімгер Ш. Қилыбаева, қыздар ұйымы төрайымы М. Адиханбаевалардың қатысуымен,сол іс-шаралар кестесіне сай «Тұрмыстық зорлық-зомбылық қоғам кеселі» тақырыбында 8-11 сынып қыздарымен жиналыс өткізілді. https://www.facebook.com/share/p/1GSkDxcbXS/




Келес ауданы «№8. Т. Бегманова жббм» кмм
28.11.2024 жылы, « Қылмыссыз балалық шақ» айлық акцияның іс жоспары аясында, мектеп мейірбикелері А. Сұлтанова, Р. Абдиева, тәлімгер Ш. Қилыбаевалардың ұйымдастыруымен, жоғары сынып оқушыларына 1желтоқсан-Халықаралық СПИД-ке қарсы күрес күніне «ЖИТС зардабы» тақырыбында бейне таспа көрсетіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.
Мақсаты: салауатты өмір салтын қалыптастыру, оқушыларды жеке гигиена және тазалық сауаттылығын арттыру.
https://www.facebook.com/share/p/197XzGZk8h/




07.03.2025 жыл.
Келес ауданы «№8. Т. Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектеп » коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Қыз балалардың жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру, қазақ халқының қыз тәрбиелеу салт-дәстүріне байланысты әдептілікке, инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиелеу мақсатында мектебімізде 3 сыныптар арасында «Қыз өсе елдің көркі» атты қыз сыны байқауы болып өтті. Байқауға қатысқан қыздар өз өнерлерімен көрермендерді тәнтті етті.
Өте тартысты, әрі қызық өткен байқауда І орын 3 «К» сынып оқушысы Ташматова Маржона, ІІ орын 3 «А» сынып оқушысы Надыр Амина мен 3 «З» сынып оқушысы Анарбаева Амина, ІІІ орын 3 «Е» сынып оқушысы Әбубәкір Нұрайым мен 3 «Г» Абдулазанова Ханипа және 3 «Ж» сынып оқушылары Закиржанова Солихабонулар жеңіп алды. Жеңіс тұғырына көтерілген қыздарымыз марапатқа ие болды.




https://www.facebook.com/share/p/1AQqT6wskZ/

Адам адамнан мына үш нәрсе арқылы озады. Әуелде адамға Алла Тағала сыйлаған туа біткен дарын, талант, ерекше қасиет.

Келес ауданы «№8. Т. Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ «Өзін-өзі басқару » ұйымының басшылығымен " Біз білмейтін таланттар " байқауы ұйымдастырылды.

Мақсаты: Балаларды сахна өнеріне, шығармашылыққа баулу, өзіндік шеберлігін көрсете білуіне көмек беру, оқушылардың жасырын талантын ашу.






https://www.facebook.com/share/p/15ZqpRtpwp/

Келес ауданының білім бөліміне қарасты«№8 Т. Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ шәкірттерді шеберлікке баулып, білім беруге зор үлес қосқан,коркем еңбек пәнінің мұғалімі Темірбаева Құрсан апайымыз бен тазалық пен тәртіптің үлгісі болған Қалдыбекова Гулдана апайларымызды зейнеткерлікке шығарып салуға арналған мерекелік іс-шара болып өтті. Іс-шара барысында концерттік бағдарлама ұйымдастырылып,мектеп бастауыш кәсіподақ ұйымы атынан сыйлықтар берілді.







Түркістан облысы Келес ауданының білім бөліміне қарасты "№8 Т. Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024-2025 оқу жылындағы мектеп бітірушілеріне арналған «Мектебім, саған мың алғыс!» атты салтанатты жиын болып өтті. Жиынға аудан әкімінің орынбасары Д. Сариев, аудандық білім бөлімінің басшысы Р. Жайлаубай, білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Г. Қасымбекова мен бас маман М. Омаровтар қатысты. Іс-шарада аудан әкімінің орынбасары Даурен Сариев жас түлектерге жүрекжарды тілегін білдіріп, сонымен қатар 2025 жыл – Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келіп отырғанын айтып, бұл бірліктің, елдіктің символы екенін ерекше атап өтті. Іс-шарадан кейін сынып жетекшілер өз сыныптарында "Білімім Отаныма" тақырыптарында сынып сағаттары мен тәрбие сағаттары өткізілді.

https://www.facebook.com/share/p/15vMCaAViV/




МЕКТЕП ЖАНЫНДАҒЫ ЖАЗҒЫ ЛАГЕР ТЫНЫСЫ

Келес ауданы білім бөліміне қарасты «№8 Т. Бегманова атындағы ЖОББМ коммуналдық мемлекеттік мекемесі мектеп жаныдағы "Балдырған" жазғы сауықтыру алаңында оқушылардың жазғы демалыс уақытын тиімді әрі қызықты өткізу мақсатында "Ало, біз таланттарды іздейміз "музыкалық сағат ұйымдастырылып өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану, балалар арасында жасырын таланттарды ашу, өнерге баулу. Әртүрлі бағытта даму әрекетін қолдау.

Топ жетекшілері күн сайын көңілді ойындар ұйымдастырып, балалардың уақыты көңілді өтуіне ықпал жасайды.

https://www.facebook.com/share/p/16fd26z9Pp/





БІТІРУШІ ТҮЛЕКТЕРГЕ АТТЕСТАТ ТАБЫСТАЛДЫ

Түркістан облысы Келес ауданы білім бөліміне қарасты «№8 Т. Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 19.06.2025 жылы 9-11 сыныпты бітіруші түлектерге жалпы орта және негізгі білім беру туралы аттестатты тапсыру салтанатты жиыны өткізілді. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Р. Наурызбаева бітіруші түлектерге ізгі тілектерін білдіріп, аттестат алу -әрбір түлектің ересек өмірге қадам басуын бейнелейтін маңызды оқиғалардың бірі екенін атап өтіп, бітіруші түлектерге аттестат табыстады.

Құрметті түлектер!

Міне, алтын ұя мектебіңізбен қоштасатын сәт те келіп жетті. Бүгін сіздерге – білім жолындағы алғаш үлкен жетістігіңіз – *орта білім туралы аттестат* табысталады.

Бұл құжат – сіздің жылдар бойы алған біліміңіз бен ұстаздар еңбегінің куәсі.

Ол — болашаққа бастар жолыңыздың алғашқы баспалдағы.

Аттестат құтты болсын!







